

Бекітемін:

«31» тамыз 2021 жылы №1 хаттама
педагогикалық кеңес шешімімен
ЖК «Жаса» «Ай – Жұлдыз»
бөбекжай – бақшасының меңгерушісі
Назарбаева С.Т.



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА «ҚАТЫНАС» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША
ЕРЕСЕК «ЖҰЛДЫЗ 2» ТОБЫНЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2021 – 2022 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Қазақ тілі мұғалімі: Жолдаспаева Қ.Б..

№	Айы	Өтпелі тқырып	Апта тақырыбы	Тақырыбы	Білім беру саласы:				ҰОҚ саны
					«Қатынас»				
					Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Қазақ тілі»				
					Мақсаты	Меңгерілетін сөздер	Әдіс – тәсілдер, ойындар	Қолданылатын көрнекі- құралдар	
1	Қыркүйек	«Бәрі мен жайлы»	«Мен және менің тобым»	«Біздің топ»	Балаларды өз тобы туралы қазақ тілінде айта білуге үйрету. «Қ» дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Ойлау, есте сақтау, тілдерін дамыту. Жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. Балабақшаға деген мақтаныш сезімдерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.	Үстел, орындық, Кілем, есік, терезе –біздің топ	Шаттық шеңбер Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Тыңда, көрсет, қайтала» Сергіту сәті Тақпақ жаттату Ойын «Не жоқ?» Қорытындылау	Тақырыпқа сай көрнекіліктер	1
2			«Мен және менің жақындарым»	«Менің отбасым»	Балаларды өзі және өз отбасы туралы қазақ тілінде айта білуге үйрету. «Ә»дыбысын анық айта білуге жаттықтыру. Жаттап алу, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Отбасы мүшелеріне құрметпен қарауға, сыйлауға тәрбиелеу.	Ата, әже, әке, ана, - менің отбасым. Біз тату-тәтті тұрамыз.	Шаттық шеңбер Тіл дыбысымен жұмыс Түсіндіру Ойын «Үйде кім бар?». Сергіту сәті Тақпақ жаттату Ойын «Соқыр теке» Қорытындылау	Отбасы мүшелері бейнеленген сурет	1

3	Қыркүйек	«Бәрі мен жайлы»	«Отбасылық дәстүрлер»	«Туған күніңмен!»	Балаларға Отбасы қуаныштарының бірі- туған күн туралы түсінік беру. Сөздік қорларын байыту. Өлеңдер жаттату. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Туған күніңмен! Құттықтаймын! Денің сау болсын!	Шаттық шеңбер Түсінік беру Өлең үйрету Сергіту сәті Ойын «Кім көп сөз біледі?» Қорыту	Тақырыпқа сай мазмұнды суреттер, музыка	1
4			«Үлкендер еңбегі»	«Балабақша қызметкерлері»	Балаларды балабақша қызметкерлерімен таныстыру. «БІ»дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Балалардың ой - қиялдарын дамыту. Тіл мәдениетін жетілдіру. Еңбекқор болуға, ұқыптылыққа, үлкендер еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.	Тәрбиеші, күтуші, медбике, аспаз-балабақша қызметкерлері	Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Бұл кім?» Сергіту жаттығуы Ойын «Кім жоқ?» Қорытындылау Мадақтау	Балабақша қызметкерлерінің суреті	1

5	Қазан	«Өсімдіктер әлемі»	«Дала, бөлме гүлдері»	«Әдемі гүлдер»	Балаларды табиғат әдемілігі –гүлдермен қазақ тілінде таныстыра отырып, олардың дәрілік-емдік қасиеттері туралы мағлұмат беру. «Ү»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Гүлдер туралы тақпақ айтқызып сөздік қорларын молайту, тілдік белсенділік қызметтерін арттыру. Туған елінің табиғатын сүйе білуге, гүлдер мен өсімдіктерді аялауға, күтіп баптауға тәрбиелеу.	Қызғалдақ, лалагүл, түйм едақ, раушан-дала гүлдері. Суарамын, баптаймын.	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсіндіру Ойын «Бұл қай гүл?» Сергіту сәті Тақпақ «Гүлдер, гүлдер» Аудармашы Қорытындылау	Гүлдер суреттері, видео	1
6			«Аулада нелер өседі?»	«Жемістер, көкөністер»	Балаларды жемістермен көкөністерді қазақ тілінде таныстыра отырып, олардың денсаулыққа пайдасы туралы мағлұмат беру. «Ө»дыбысымен жұмыс. Сөйлеу, есте сақтау, сөздерді дұрыс анық айтуға дағдыландыру. Тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.	Алма, алмұрт, жүзім-жемістер, Қызанақ, қияр, пияз-көкөністер.	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Көрсетіп, атын ата» Ойын «Көкөніс пен жемістерді кәрзеңкеге жинайық» Сергіту сәті Тақпақ жаттату Ойын «Дәміне қарай ажырат» Сұрақ-жауап	Көкөніс, жемістер суреті, муляждар, себет	1

7	Қазан	«Өсімдіктер әлемі»	«Саңырауқұлақтар»	«Саңырауқұлақтар»	Балаларды саңырауқұлақ түрлерімен таныстыра отырып, олардың пайдасы туралы мағлұмат беру. «Ң» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. Балалардың танымдық білімдерін кеңейту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Қозықұйрық, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлағы	Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Бұл не?» Сергіту жаттығуы Ойын «Не жоқ?» Қорытындылау Мадақтау	Саңырауқұлақ суреттері	1
8			«Берекелі, Алтын күз!»	«Алтын күз»	Балаларға күзгі табиғат ерекшелігін, берері мол мезгіл екенін ұғындыру. «Ү» дыбысымен жұмыс. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Түсіну, есте сақтау, логикалық ойлауын дамыту. Танымдық білімдерін жетілдіру. Табиғатқа деген қамқорлыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Күз келді. Күн салқын. Жаңбыр жауады.	Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сергіту массажы Ойын «Мен бастаймын, сен аяқта» Тақпақ «Күз» Сұрақ-жауап	Күз мезгілінің көрнекті суреті	1

9	Қараша	«Табиғат әлемі»	«Ферма»	«Үй жануарлары»	Балаларды үй жануарларын қазақ тілінде дұрыс айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Балалардың танымдық білімдерін кеңейту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге үйрету. Үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Ит,мысық,жылқы,қой-үй жануарлары	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Дұрыс ата» Сергіту сәті Ойын «Ненің даусы?»	Үй жануарларының суреттері, ойынышықтар, үлестірмелі суреттер, үй жануарларының даусы жазылған аудиотаспа	1
10			«Құстар-біздің досымыз!»	«Қыстап қалатын құстар»	Балаларды қыстап қалатын құстармен қазақ тілінде таныстыру. «Ұ»дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Ой-өрістерін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту. Тіл мәдениетін жетілдіру. Құстарға қамқор болуға, табиғатты сүюге, аялай білуге тәрбиелеу.	Қарға, торғай, кептер, Сауысқан -қыстап қалатын құстар. Жемсауыт	Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Ұяға қай құс қонды?» Сергіту сәті Тақпақ Қорытындылау	Құстар суреті, слайд, үлестірмелі суреттер	1

11	Қараша	«Табиғат әлемі»	«Жабайы жануарлар әлемі»	«Жабайы жануарлар»	Балаларды жабайы жануарлармен таныстыра отырып, олардың тіршілік ететін мекені туралы түсінік беру. «Н»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Жұмбақ шешу арқылы ойлау,қиялдау қабілеттерін арттыру. Жан-жануарларды қорғап,қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Аю,қасқыр,қоян,түлкі, Кірпі-жабайы жануарлар. Олар орманда мекендейді.	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Не қашты?» Сергіту сәті Ойын «Не артық?» Сұрақ-жауап	Жабайы аңдар суреті,слайд, ойынышықтар	1
12			«Жануарлардың қысқа дайындығы»	«Жабайы жануарлар қорегі»	Балаларды жабайы жануарлармен және олардың қысқа қалай дайындалатыны,қыстың суығынан қалай қорғанатынын,немен қоректенетіні туралы түсінік беру. Сөздік қорларын молайтып,тіл мәдениетін жетілдіру. Жан-жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Аю-бал,тиін-жаңғақ,қоян-сәбіз.	Түсінік беру Ойын «Қай жануар немен қоректенеді?» Сергіту сәті Ойын «Дұрыс па,бұрыс па?» Қорытындылау	Жабайы жануарлары мен олардың қорегі суреті	1

13	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным!»	«Ауыл мен қала»	«Туған өлкем-Атырау!»	Балаларды туған өлкеміз-Атырау қаласы жайлы түсінік беру.Өз туған өлкесі туралы шағын әңгіме құра білуге үйрету. Ой-өрістерін,дүниетанымдарын сөздік қорларын байыту. Туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Мемлекеттік тілді оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру.	Атырау-әдемі қала. Махамбет пен Исатай ескерткіші. Орталық көпір	Шаттық шеңбер Түсінік беру Әңгімелету «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті «Мақал-сөздің мәйегі» Қорытындылау	Атырау қаласы туралы видео,слайд, суреттер	1
14			«Тәуелсіз Қазақстан!»	«Менің Отаным-Қазақстан!»	Балаларды Отанымыз Қазақстан туралы алған білімдерін тиянақтау, ой - өрістерін, білім деңгейлерін көтеру. Сөздік қорларын молайтып,сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. «Қ» дыбысын қайталату. Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру. Өз Отанын, туған жерін сүюге, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, қазақша сауатты сөйлеуге, Қазақстанның азаматтары екенін мақтаныш тұтуға тәрбиелеу.	Менің Отаным-Қазақстан! Елбасымыз-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Елорда-Астана	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті Тақпақ «Отан» Сұрақ-жауап	Гимн аудиотаспа Қазақстан туралы қысқа видео Қазақстанның картасы, елбасының портреті, Қ.Р. рәміздері.	1

15	Желтоқсан «Менің Қазақстаным!»	«Қазақстанның қызыл кітабы»	«Қызыл кітапқа енген жануарлар»	Балаларға «қызыл кітап» туралы түсінік бере отырып, «қызыл кітапқа»енген жануарлармен таныстыру. «Ң»дыбысымен жұмыс. Жұмбақ шешу арқылы ойлау,қиялдау қабілеттерін арттыру. Аңдарды қорғап,қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Қар барысы,ақбөкен,киік, сілеусін,арқар	Түсінік беру Ойын «Көрсетіп,ата?» Сергіту сәті Сұрақ-жауап	Жойылу қаупі бар жануарлар суреті,слайд,видео	1
16		«Қос келдің, Жаңа жыл!»	«Жаңа жыл,жаңа жыр!»	Балаларды жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру. «Ң»дыбысымен жұмыс. Мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Сөздік қорларын байытып,қазақша түсіну қабілеттерін қалыптастыру.Жаңа жыл туралы тақпақ,өлеңдер жаттату.	Жаңа жыл құтты болсын! Шырша, сыйлықтар,Аяз ата, Ақша қар	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын ойнату Саусақ жаттығуы Тақпақ «Жаңа жыл!» Қорытындылау	Мазмұнды суреттер, магнитофон	1

17	Қаңтар	«Дені саудың, жаны сау»	«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	«Дәмді тағамдар»	Балаларды азық-түлік атауларымен таныстыра отырып, дұрыс тамақтану жөнінде түсінік беру. «Ғ»дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Ойлау,қазақша сөйлеу,өлеңді мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Балаларға тағамдардың қандай еңбекпен келетіндігін айта отырып, азық-түліктерді қастерлеуге тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру	Нан,сүт,май,ет,қант, айран-азық түліктер. Ішемін,жеймін.	Түсінік беру Тіл дыбысымен жұмыс Ойын «Көсетін,атын ата» Ойын «Ненің дәмі?» Тақпақ жаттату «Мақал-сөздің мәйегі» Қорытындылау	Азық-түліктер суреті,үлестірмелі суреттер	1
18			«Ғажайып қыс»	«Алақай,қыс келді»	Балаларды қыс мезгілінің ерекшелігімен таныстыру,сөздік қорларын байыту. «Қ» дыбысын қайталау.Есте сақтау,жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. Үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге үйрету.Сурет арқылы жай сөйлем құра білуге үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Қыс келді. Күн суық. Қар жауады. Аққала	Түсінік беру Ойын «Сурет бойынша әңгімеле» Сергіту сәті Саусақ жаттығуы Сұрақ-жауап	Қыс мезгілі бейнеленген сурет	1

19	Қаңтар	«Дені саудың, жаны сау»	«Күн,су,ауа»	«Су-тіршілік көзі»	Балаларға адам өміріндегі судың маңыздылығы туралы түсінік беру. «І» дыбысын қайталау. Сөздік қорларын молайтып,байланыстырып сөйлей білуін қалыптастыру. Үйенген сөздерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Суды үнемдеп ұстауға,ластамауға тәрбиелеу.	Су-мөлдір,дәмсіз,иіссіз. Су-өмір нәрі	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын ойнату Тақпақ жаттату Сергіту сәті Қорытындылау	Тақырыпқа сай мазмұнды суреттер, бейнетаспа	1
20			«Үйде жалғыз қалғанда»	«Тұрмыстық заттар»	Балаларды үйде және балабақшадағы қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру. Күнделікті тұрмыстық заттармен таныстыру. «Ұ» дыбысымен жұмыс. Сөздік қорларын байыту. Сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Өмір қауіпсіздік ережелерін сақтауға,үлкендердің айтқанын әрдайым тыңдауға тәрбиелеу.	Шаңсорғыш, үтік,кір жуғыш машина,теледидар-тұрмыстық заттар	Түсінік беру Тіл дыбысымен жұмыс Ойын «Бұл не?» Сергіту сәті Ойын «Жалғастыр» Қорытындылау	Тұрмыстық заттар суреті	1

21	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	«Ұшады, жүзеді, жүреді» Жол ережелері	«Бағдаршам»	Балаларды көлік түрлерімен бағдаршам және олардың түстерімен таныстыру. Тоқта, дайындал, жүр етістіктерін үйрету. Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру. Үйренген сөздерін ауызекі сөйлеуде қолдана білуге дағдыландыру.	Тоқта, дайындал, жүр, бағдаршам	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойындар ойнату Сұрақ-жауап	Бағдаршам мен түстер суреті	1
22			«Арнайы көліктер»	«Арнайы көліктер»	Балаларды арнайы көлік түрлерімен таныстыру. Олардың атқаратын қызметтері туралы түсінік беру. Ертедегі көліктермен таныстырып өту. «Ө» дыбысын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. Өздерін көлік ішінде, көпшілік ортада әдепті болуға, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	Жүк көлігі, жедел жәрдем көлігі, өрт сөндіруші көлігі- арнайы көліктер	Түсінік беру Жаттықтыру Ойын «Бұл қай көлік?» Сергіту сәті Ойын «Құрастыр» Қорытындылау	Арнайы көлік түрлерінің суреттері	1

23	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	«Электроника әлемі»	«Телефон, сандар»	Балаларға қазіргі заманда электрониканың адам өміріне маңызы зор екендігін түсіндіру. Байланыс құралымен, сандармен таныстыру. Тапқырлық қабілеттерін жетілдіру. Есте сақтау, логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Ұялы телефон. 1 ден 5 ке дейінгі сандар	Түсінік беру Ойын «Дұрыс сана» «Көршісін тап» Сергіту сәті Қорытындылау	Ұялы телефон, сандар, ойыншықтар	1
24			«Заттардың қасиеті. Неден жасалған»	«Ойыншықтар»	Балаларды ойыншықтармен және олардың неден жасалатыны жайында мағлұмат беру. Сөздік қорларын молайту, қабылдау есте сақтау қабілеттерін арттыру. «І» дыбысын анық айта білуге үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа, тазалыққа, достыққа тәрбиелеу.	Аю, қуыршақ, машина, қоян. Мата, пластмасса, темір	Түсінік беру Ойын «Көрсетіп, атын ата» Сергіту сәті Әңгімелету «Кім көп сөз біледі?» Тақпақ Қорытындылау	Әртүрлі ойыншықтар	1

25	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	«Табиғат оянады»	«Көктем келді»	Балаларды көктем ерекшеліктерімен таныстыру. «Ө» дыбысын қайталау. Көктем туралы тақпақтар үйрете отырып, балалардың көңілдерін көтеру. Есте сақтау қабілеттерін жетілдіріп, сөздік қорларын байыту. Қоршаған ортаны, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Көктем келді. Қар ериді. Күн жылынады	Түсінік беру Ойын ойнату Сергіту сәті Тақпақ «Көктемде» Әңгімелету	Көктем мезгілі бейнеленген сурет	1
26			«Өнер көзі- халықта»	«Оюлар қандай тамаша!»	Балаларды қазақ халқының ою-өрнек түрлерімен таныстыру. Өз бетінше сызып оюға бағыт беріп, қол икемдіктерін, шеберліктерін дамыту. Ұлттық дүниетанымдық білімдерін кеңейту. Білімдерін шеберлікпен ұштастыра білуге, ұлтымыздың қолөнерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Қошқар мүйіз, сынық мүйіз, гүл, көбелек-ою-өрнектер.	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Дұрыс ата» Қорытындылау	Ою-өрнек суреттері	1

27	Наурыз	«Салттар мен фольклор»	«Қазақстан халқының салт-дәстүрлері»	«Мерекелік дастархан. Ұлттық тағамдар»	Балаларды қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру. Тіл байлықтарымен сөздік қорларын толықтыру. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балаларға тағамдардың қандай еңбекпен келетіндігін айта отырып, тағамдарды қастерлеуге тәрбиелеу. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру	Беибармақ, бауырсақ, құрт, қазы.	Түсінік беру Тіл дыбысымен жұмыс Ойын «Көсетіп, атын ата» «Ненің дәмі?» Тақпақ жаттату Қорытындылау	Ұлттық тағамдар суреті	1
28			«Қазақ халқының ауыз әдебиеті-бізде қонақта»	«Бауырсақ» ертегісі	Балаларға қазақ халық ауыз әдебиеті туралы түсінік беру. «Бауырсақ» ертегісін сахналату. Сөздік қорларын байыту. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ ертегілеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Ауызбіршілікке, татулыққа тәрбиелеу.	Бауырсақ, әже, ата, қоян, қасқыр, аю, тұлкі.	Түсінік беру Сахналау Сұрақ-жауап	Ертегі суреті, шапкілер, мультфильм	1

29	Сәуір	«Біз еңбекқор баламыз»	«Көктемгі еңбек»	«Біз қолқанан баламыз»	Балаларды көктемгі еңбек туралы әңгімелеп, үлкендердің еңбегі жайлы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Адамдардың еңбектері жайлы мағлұматтар беру. Ой-өрісін есте сақтау қабілеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа баулу.	Жерді қопсытамыз, тазалаймыз, ағаштар отырғызамыз	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Сурет бойынша әңгімеле» Қорытындылау	Тақырыпқа сай мазмұнды суреттер	1
30			«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Мамандықтар»	Балаларды мамандық атауларымен таныстыру. «Ы»дыбысын қайталау. «Өскенде кім боласың?» деген сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту. Тіл мәдениетін жетілдіру. Еңбекқор болуға, ұқыптылыққа, үлкендер еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.	Мұғалім, дәрігер, аспаз, шапшараз-мамандықтар	Түсінік беру Ойын «Бұл кім?» Ойын «Өскенде кім боласың?» Саусақ жаттығуы «Мамандықтар»	Мамандықтар суреті Мамандар киімі	1

31	Сәуір	«Біз еңбекқор баламыз»	«Ас атасы-нан»	«Ыдыстар»	Балаларға дастарханға нанның қалай келетіні туралы мағлұмат беру. Күнделікті ыдыстармен таныстыру. «БІ» дыбысын қайталалу. Ойлау, түсіну, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Мемлекеттік тілді оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру.	Кесе, тәрелке, қасық, ыдыстар	Көрсету Түсінік беру Жаттықтыру Ойын «Көрсетіп, атын ата» Сұрақ-жауап	Ыдыс-аяқтар суреті, ойыншықтар	1
32			«Біз жас зерттеушілерміз»	«Аквариумдағы балықтар»	Балаларды аквариумдағы балық түрлерімен таныстыру және түстер туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ тіліне тән «ы» дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, танымдық білімдерін кеңейту. Тірі табиғатқа деген қызығушылықтарын, сүйіспеншіліктерін арттырып, оның әсемдігін сезіне білуге, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Қара пициллия, ақ гуппи, көк дельфин, қызыл минор, жасыл балдыр- аквариум балықтары.	Шаттық шеңбері Тіл дыбысымен жұмыс Түсінік беру Ойын «Көрсетіп, атын ата» Сергіту сәті Ойын «Дұрыс құрастыр» Сұрақ-жауап	Акувариум балықтары суреті, видеолар	1

33	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	«Достық біздің тірегіміз»	«Бірлігіміз жарасқан»	Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтары бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.	Ақпыз,қара,сарымыз-ағайынбыз бәріміз. Достық,мереке	Шаттық шеңбер Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Ойын «Киіз үй» Ән «Әрқашан күн сөнбесін!»	Тақырыпқа сай көрнекіліктер	1
34			«Отан қорғаушылар» (ҚР Әскері)	«Ерлігің естен кетпес»	Балаларға жалпы жеңіс күні туралы мағлұмат беру.Қазақ халқының өшпес өнеге қалдырған атақты батырларымен таныстырып,олардың есімдерін жатқа білуге үйрету. Елін,жерін қорғаған батырлар жайында түсініктерін, білімдерін кеңейту. Отанды сүюге,үлкенді сыйлауға, қадірлеуге тәрбиелеу.	Жеңіс күні. Батырлар. Бауыржан Момышұлы. Әлия Молдағұлова. Мәншүк Мәметова.	Түсінік беру Ойын «Бұл кім?» Сергіту сәті Тақпақ жаттату Әңгімелету «Мақал-сөздің мәйегі» Сұрақ-жауап	Батырлар портреті	1

35	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	Шөпте не жорғалайды?(жәндіктер, бауырмен жорғаушылар)	«Жәндіктер»	Балаларға жәндіктер туралы түсінік беру. «Ә,І» дыбыстарын қайталау. Тіл байлықтарын молайту. Балалардың өзіне және айналасындағыларға жақсы сезімін ояту, жәндіктерге сүйіспеншілігін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімін ояту және жауапкершілікке, тірі табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Көбелек,қанқыз, маса,шыбын-жәндіктер.	Түсінік беру Тіл дыбыстарымен жұмыс Ойындар «Бұл не?» Тақпақ «Көбелек-ау,көбелек» Сергіту сәті Пазл құрастыру Қорытындылау	Жәндіктер суреті,бейне таспа,үлестірмелі суреттер	1
36			«Көңілді жаз»	«Жайдарлы жаз»	Балаларға жаз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Жаздағы әсем табиғат өзгерістерін, жаздың байлығын, сұлулығын сезіне білуге баулу. Тіл мәдениетін жетілдіру. Сөздерді дұрыс байланыстырып, ойды жүйелеп айтуға жаттықтыру. Табиғат байлығын бағалауға, қорғауға, қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.	Жаз мезгілі. Күн ыстық. Суға шомыламыз.	Шаттық шеңбері Түсінік беру Ойын «Кім көп сөз біледі?» Сергіту сәті Тақпақ «Жаз» Сұрақ-жауап	Жаз мезгілі бейнеленген сурет	1